

Данибекова Эльвира Темиргалиевнаның
«Қазақстанның заманауи сәүлетінің аймақтық сәйкестігін
қалыптастыру проблемалары» тақырыбы бойынша диссертациялық
жұмысына

АННОТАЦИЯ

6D042000 «Сәүлет» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған

1991 жылдан 2021 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдық даму кезеңі елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының, саяси мәртебесінің нығаюымен қатар жүреді. Мұнда мемлекеттің экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени жетістіктерін айқын көрсететін Қазақстанның заманауи сәүлеті маңызды рөл атқарады. Нұр-Сұлтан мен Түркістаннаның, басқа да қалалардың белсенді дамуы қазақстандық қалалардың келбетін айқын сәйкестікпен қосу үдерісінің басталғандығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, ал бірегей сәүлет объектілері қазірдің өзінде біздің еліміздің тәуелсіздігінің символына айналды.

Қазақстанның заманауи сәүлетінде аймақтық сәйкестікті қалыптастыру проблемаларын зерттеу қоғамды ғылыми-техникалық жаңғыруға, елдің эволюциялық дамуына және адами әлеуетке арналған ғылымды дамыту бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.

Аймақтық сәйкестік – дәстүрлердің сабактастығына негізделген және қазіргі заманғы идеялар мен жаңа технологиялармен түрлендірілген табиғи, тарихи-мәдени ландшафттағы жергілікті архитектураның киелі мағынасын білдіретін құрал.

Зерттеудің өзектілігі аймақтық үрдістердің сәүлетке терең енуін көрсететін жалпыәлемдік үдерістермен алдын-ала анықталған. XX ғасырдың екінші жартысында гуманитарлық ғылымдарда қалыптасқан аймақтық сәйкестік ұғымы сәүlet өнеріне енді, онда адамдар, қауымдастықтар мен мемлекеттердің өзін-өзі тануы рәміздер мен белгілер жүйесі арқылы көрінеді. Сәүлетте аталған үдеріс ұзақ уақытқа созылуы мүмкін, бұл аймақтық қоғамдастықтың шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетуі үшін жана мүмкіндіктер ашады.

Қазіргі жағдайда аймақтық сәүледе дамуы – бұл туындаған шығармашылық, техникалық, мәдени, экономикалық және т.б. мәселелерді шешу нәтижесінде қалыптасатын құрделі үдеріс. Қазақстан жаһандық әлемнің бір бөлігі болып табылады және оның сәүлетіне халықаралық үрдістер өз әсерін тигізуде.

Осыған байланысты қазақстандық сәүледе қалыптастырудың аймақтық сәйкестіктің рөлін және оның жаһандық үдерістерге тоғызысын айқындау мақсатында XXI ғасырда зерттеулер нәтижелерін талдап қорыту және жобаларды практикалық іске асыру қажеттілігі **маңызды ғылыми мәселе** болып табылады.

Зерттеу нысанды: жаһандық гуманитарлық және технологиялық инновациялар аясындағы Қазақстанның табиғи-климаттық, тарихи, экономикалық және мәдени жағдайларындағы заманауи сәulet.

Зерттеу пәні: Қазақстанның заманауи сәuletтіндегі аймақтық сәйкестікті қалыптастыру қағидаттары және оның даму үрдістері.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстанның заманауи сәuletтіндегі аймақтық сәйкестікті қалыптастыру проблемалары мен даму үрдістерін анықтау, жаһандану аясында қазақстандық сәulet аймақшылдығын қосудың негізгі факторларын айқындау.

Зерттеу міндеттері:

- зерттеу тақырыбы бойынша бастапқы базаны, мұрағаттық және жобалық материалдарды зерттеу;
- заманауи әлемдегі «аймақтық сәйкестік», «аймақтық сәulet» ұғымдарын түсіндірудің теориялық ерекшеліктерін анықтау;
- XX-XXI ғасырдың басындағы әлемдік сәulet өнеріндегі аймақшылдық мәселелерін сипаттау;
- Қазақстанның заманауи сәuletтіндегі аймақтық сәйкестікті түсіндіру мәселелерін айқындау;
- Қазақстан сәuletтіндегі аймақтық бірегейлікті қалыптастырудың негізгі факторларын айқындау;
- зерттеу тақырыбы бойынша әлеуметтік сауалнама жүргізу жолы арқылы қоғамның аймақтық сәйкестендіру проблемаларын түсіну деңгейін анықтау;
- Қазақстанның заманауи сәuletтінде аймақтық сәйкестік элементтерін қалыптастыру қағидаттарын әзірлеу;
- заманауи Қазақстан сәuletтіндегі аймақтық сәйкестіктің тұжырымдамалық үлгісін даярлау.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі. Зерттеу отандық және шетелдік сәuletшілердің ғылыми және шығармашылық еңбектерінің нәтижелеріне, практикалық тәжірибесіне негізделген:

- Сәulet өнеріндегі үлттық ерекшелікті зерттеу әдіснамасының негіздері кеңес ғалымдарының үлкен тобының еңбектерінде қаланды;
- Аймақшылдық мәселелері, бастауы мен кезеңдері шетелдік ғалымдардың еңбектерінде кеңінен түсіндірілді;
- Аймақтық сәйкестік мәселелері *аралас, гуманитарлық ғылымдарда да қарастырылып, тарихшылардың, этнографтардың, әлеуметтанушылардың, өнертанушылардың, психологтардың, мәдениеттанушылардың, климатологтардың, экологтардың және т. б. еңбектерінде келтірілген.*
- Заманауи сәulet жағдайындағы үлттық дәстүрлердің ерекшеліктерін посткеңестік елдердің ғалымдары зерттеді.
- Заманауи Қазақстанның сәulet және қала құрылышының түрлі аспектілерін, оның ішінде оның үлгілерінің қалыптасуын дамыту және аймақшылдық мәселелерін Қазақстан ғалымдары зерттеді.

Осылайша, қазіргі уақытқа дейінгі жүргілген зерттеулер Қазақстанның сәulet және қала құрылышының үлттық ерекшелігі мен аймақтық

ерекшеліктерінің түрлі аспектілерін көрсетті. Алайда, бұл зерттеулерде жаһандану жағдайындағы аймақтық сәйкестіктің қалыптасу проблемалары қарастырылған жоқ.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы жаһандық үдерістер аясында Қазақстанның заманауи сәулетіндегі аймақтық сәйкестікті дамыту үрдістерін және сәулеттік аймақшылдықты біріктірудің негізгі факторларын анықтау болып табылады.

Ғылыми гипотеза жаһандану жағдайында Қазақстанның заманауи сәулетіндегі аймақтық сәйкестіктің қалыптасу мәселелері аймақтық сәулет өнерінің өзіндік сәулет-жоспарлау тәсілдері мен дәстүрлерін қайта ойластыру, сондай-ақ инженерия, экология, ғимараттар мен құрылыштардың энергиялық тиімділігі саласындағы жоғары технологиялардың жергілікті практикаға тоғысуы негізінде шешілу мүмкіндігімен байланысты.

Зерттеу әдістері әлемдік тәжірибелі және Қазақстанның аймақтық архитектурасының ерекшеліктерін зерделеуде, зерттеу тақырыбы бойынша деректерді жинау мен өндеуде кешенді және жүйелі тәсілге негізделеді:

- *дереккөздік талдау* (зерттеу тақырыбы бойынша әдеби дереккөздерді, жобалық және мұрағаттық материалдарды зерттеу және қорыту);
- *мәдени-тарихи талдау* (өлке тарихын зерттеу, дәстүрлер мен нағымдардың жергілікті сәулет өнеріне әсер ету дәрежесі және дәстүрлі сәулет өнеріндегі формалардың қалыптасу занылықтары, аумақтардың экономикалық және туристік әлеуетінің деңгейі);
- *компаративтік талдау* (ұқсас табиғи-климаттық факторлар мен тарихи-мәдени дәстүрлер негізінде шетелдік және отандық сәулет өнеріндегі аймақтық өзіндік ерекшелік пен сәйкестіктің көрінісін салыстыру);
- *шығармашылық-генетикалық талдау* (кеңістіктік ортаның қалыптасуы мен формалардың қалыптасуындағы сәулет тілі мен ассоциативті бейнелерді анықтау);
- *заттай бақылаулар және әлеуметтанушылық зерттеулер* (Қазақстан қалаларындағы объектілерді заттай тексеру, әлеуметтанушылық сауалнама жүргізу).

Зерттеу шекаралары: *географиялық* – таяу және алыс шетелдердің сәулеті туралы ғылыми мәліметтерді тарта отырып, Қазақстан Республикасының шегінде; *тарихи* – XX-XXI ғғ. алғашқы жиырмажылдарында, бұдан бұрынғы тарихи кезеңдерге шолу жасай отырып.

Корғауға шығарылады:

- аймақтық сәйкестікті қалыптастыру занылықтары, базалық факторлар мен олардың материалдық-кеңістіктік орта жағдайында бейімделу әдістерінің өзара байланысы;
- архитектураның стильдік белгілері эволюциясының әмбебап моделі: вернакулярлықтан аймақтық сәйкестікке дейін;
- әртүрлі әлеуметтік-экономикалық және табиғи-климаттық жағдайлардағы көркем-бейнелі, сәулет-жоспарлау және құрылымдық-техникалық шешімдерді

ескере отырып, қазіргі заманғы әлемдік сәулет өнеріндегі аймақтық тәсілдердің ерекшеліктері;

- XXI ғасырдың басына дейінгі Қазақстан сәулетінде және Қазақстанның заманауи сәулетінде аймақтық белгілер мен формаларды қосу факторлары;

- Қазақстанның заманауи сәулетіндегі аймақтық сәйкестікті түсіндіру мәселелері;

- аймақтық сәйкестік проблемаларын шешуге ықпал ететін қағидаттар және Қазақстан архитектурасының даму үрдістері;

- «Қазақстан сәулетіндегі аймақтық сәйкестіктің тұжырымдамалық ұлгісі (фронтальді-пластикалық интерпретациялау, көлемдік-жоспарлау шешімі, ортаны кеңістіктік ұйымдастыру)».

Ғылыми маңыздылығы: жүргізілген зерттеу Қазақстан сәулетіндегі аймақтың сәйкестікті одан әрі дамыту мүмкіндіктерін кеңейтеді, сондай-ақ ғылыми құралдарда, «Сәулет», «Құрылыш», «Дизайн» бағыттары бойынша жоғары білім беру бағдарламаларында пайдаланыла алады.

Практикалық маңыздылығы: диссертацияның тұжырымдары мен ұсыныстары объектілерді жобалау, егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары, аумақтарды абаттандыру тәжірибесінде қолданыла алады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Диссертацияның негізгі қағидалары республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларда баяндалды:

- «Сәулет пен құрылыштағы заманауи трендтер: энергия тиімділігі, энергия үнемдеу, BIM технологиялары, қалалық орта мәселелері» (Алматы қ., 2021 ж.);

- В. Е. Татлин атындағы XVI-халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Қала тұрғынының тұрғын кеңістігін оналту» (Пенза, 2020 ж.);

- «Сәулет пен құрылыштағы заманауи трендтер: энергия тиімділігі, энергия үнемдеу, BIM технологиялары, қалалық орта мәселелері» (Алматы қ., 2019 ж.).

Жарияланымдар (17 мақала):

- халықаралық конференция материалдарында – 2 мақала;

- ҚР БФМ КОКСОН ұсынған Тізбеге енгізілген ғылыми-практикалық басылымдарда – 9 мақала;

- халықаралық ғылыми журналдарда – 2 мақала (Польша, Әзіrbайжан);

- РФ ЖАК «Тізбесіне» енгізілген ғылыми журналда (РФДИ) – 1 мақала;

- Scopus деректер базасында индекстелген журналдарда («Periodicals of Engineering and Natural Sciences», «Сәулет» - P79, CiteScore 1,7 (2020); «Spatium», «Сәулет» - P59, CiteScore 0,6 (2020)) – 2 мақала.

Зерттеу нәтижелерін енгізу:

- «Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың сәулеті» және «Қала құрылышы» білім беру бағдарламаларының студенттеріне арналған оқу және дипломдық жобалау үшін «Аймақтық шенбердегі мұражайларды сәулеттік жобалау» әдістемелік нұсқаулары шығарылды. – Алматы, 2021. - 41 б. (Г.С. Әбдірасыловамен бірге);

- диссертациялық зерттеудің нәтижелері Түркістан қаласының әлеуметтік-мәдени даму және сәулет-кеңістіктік ортасын жетілдіру бағдарламасын әзірлеу кезінде пайдаланылды (18.05.2021 ж. №14/1645 енгізу актісі).

Зерттеудің құрылымы мен көлемі: диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен (379 атау) және қосымшадан (36 бет) тұратын бір том (205 бет) болып табылады.

ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ

«Сәuletтегі сәйкестік проблемаларын түсіндіру» деп аталатын бірінші бөлімде ғылым мен өнердегі «сәйкестік» ұғымының қалыптасуына талдау жасалды, әлемдегі жаһандану және аймақшылдық мәселелері зерттелді, қазіргі сәuletтегі аймақтық сәйкестік тұжырымдама ретінде қарастырылды, аймақтық сәйкестіліктің негізгі факторлары анықталды.

Бірінші бөлім бойынша қорытындылар.

1. Қазіргі заманғы ғылым мен өнерде сәйкестік ұғымы қоршаған ортаның өзгеруі жағдайында өзін-өзі сәйкестендіру, тиесілігін тану ретінде түсіндіріледі. Сәuletте «сәйкестік» дегеніміз – тұтынушы объектіні танитын, анықтайтын ерекше белгілердің жиынтығы.

2. Жаһандану және аймақтандыру шеңберіндегі қазіргі әлеуметтік-экономикалық, саяси, гуманитарлық үдерістер аймақтық қоғамдастықтар мәселесінің, оның ішінде сәulet саласындағы проблемалардың жандануына алыш келеді.

3. Заманауи сәuletтегі ұғым ретінде аймақтық сәйкестік жергілікті табиғи контексте тарихи-мәдени ландшафтты, жергілікті бейнелер мен символдарды қазіргі заманғы технологиялардың жетістіктерімен және сәйкес мәдениеттерден алынған мағынасымен үйлесімді байланыста біріктіреді.

4. Зерттеу барысында анықталған сәйкестікті қалыптастырудың негізгі факторлары сипатына қарай жүйеленген (тұрақты және ауыспалы, Үстірт айқын және терең жасырын), олардың өзара байланысы жергілікті қоғамдастықтың өзін-өзі сақтауына, идеялар мен формалардың симбиозына, аймақтық сәйкестікті қалыптастырудың барлық факторларын түсінуге әкеледі.

5. Автордың түсіндіруі бойынша материалдық-кеңістіктік ортаны қалыптастырудың теориялық және практикалық әдістерінің өзара байланысы инженерлік рәсімдердің кезектілігінде көрінеді және аймақтық жағдайларда жобалау мен құрылыш кезінде табиғи жағдайлар мен ландшафтты ескерудің маңыздылығын көрсетеді.

6. Формалар мен кеңістіктерді бейімдеу әдістерінің теориялық әмбебап үлгілері кез келген аймақтың климатына сәйкес қажетті үлгілерді жасауға мүмкіндік береді.

7. Сәuletтегі сәйкестік проблемасы тарихи тұрғыдан анықталған және өркениет пен жергілікті мәдениеттердің ұзақ мерзімдегі даму кезеңдерінде қалыптасқан. Берілген тезис ежелгі ғимараттар мен елді мекендердің жалпы талдауымен расталды, олардың даму сабактастығы сәuletтік формаларынан көрінеді:

- сәulet құрылыштары формасында – табиғи-климаттық жағдайлар мен құрылыш дәстүрлеріне байланысты дәстүрлі тұрғын үйлер формаларын

бастапқы қосудың сәйкестігі айқындалды: қарапайым архетип-формалар (текше, параллелепипед, жарты шар, конус, цилиндр, арка және т.б.) – объектілердің кез келген түріне арналған өмбебап болып табылады;

- инженерлік-техникалық құрылыштар мен олардың элементтері формасында – климаттың, ландшафттың аймақтық және тиісті ерекшелігіне айналған және шенбердің, жарты шардың, пирамиданың, конустың архаикалық нысандарымен қалыптасқан Шығыс (оның ішінде Орталық Азия) елдерінің дәстүрлі сәулетшілігінде бадгирлердің, яхчалдардың және т.б. сұлбаларының ұтымдылығы мен күшею қағидаты анықталды;

- қоныстар түрінде – әлемдік тәжірибелі зерттеу негізінде әлемнің әртүрлі аймақтарындағы алғашқы қоныстардың кеңістіктік ортасын ұйымдастырудың шартты ұлгілері жасалды. Қазақстан аумағындағы алғашқы қоныстардың кеңістіктік ортасын ұйымдастыру заңдылықтарын талдау қалалық кеңістіктік құрылымның аймақтық ортамен өзара іс-қимылын түсіну: қоныстардың пайда болу себебі, табиғи-климаттық жағдайлармен және ландшафтпен өзара қарым-қатынас, композициялық формалар – қалыптасудың бір кезеңіне ортақ және жекелеген типтерді қосудың әрбір сатысында ерекшеленетін сәйкестікті қалыптастыру факторларына негізделетінін көрсетті.

«Сәулеттік аймақшылдықтың теориясы мен практикасы: заманауи проблемалар» атты екінші бөлімде әлемдік сәулет өнеріндегі аймақшылдық теориясының мәселелері қамтылған. XX ғасыр сәулетіндегі аймақтық көзқарастардың даму ауқымы зерттелді. Әлемдік сәулет тәжірибесіндегі заманауи үрдістер қарастырылған.

Екінші бөлім бойынша қорытындылар.

1. XX ғасырдың сәулет өнеріндегі аймақшылдықтың даму тарихын зерттеу, сәулет қозғалыстарын жүйелеу мыналарды көрсетеді:

- сәулеттік аймақшылдық теориясы архитектурадағы әртүрлі бағыттармен қарама-қайшылықтар немесе ұқастықтар негізінде қалыптасты және кез келген белгілі бір аумаққа, ауданға, аймаққа, облысқа, елдер тобына жататын жергілікті бағыт деп түсіндірліді;

- архитектураның аймақтық белгілері эволюциясының өмбебап үлгісі (вернакулярлықтан аймақтық бірегейлікке дейін) аймақтық сәйкестік мәселелерін шешуде әрбір жеке алынған бағыттың тиімсіздігін және әрбір келесі стильдің өзара әсер ету қажеттілігін көрсетеді.

2. Әртүрлі әлеуметтік-экономикалық және табиғи-климаттық жағдайларда әлемдік сәулеттегі аймақтық белгілердің бірігу факторларын талдау жекелеген мемлекетте озық елдердің тәжірибесін пайдалануға және дәстүрлерді авторлық пайымдау арқылы көріп, нысандарды іздеуге, мемлекеттің инвестициялар тартуға және сәулет арқылы туризмді дамытуға мүдделілігіне негізделген ұқсас қалыптастыру жолдары бойынша өзіндік аймақтық бағытты әзірлеу үрдісін көрсетті.

3. Қазақстан аумағындағы қалалық қоныстар I-XX ғғ. аралығында үш кезеңде қалыптасты – ортағасырлық, фортификациялық, өндірістік, оларға сәйкес қалалардың типтері – сауда-қолөнер, отарлық, қазіргі заманғы.

4. XXI ғасырдың басына дейінгі маңызды қоғамдық құрылыштардың мысалдары (негізінен республиканың бүрінші астанасы – Алматы қаласында) ғалымдар бұрын ұсынған аймақтық сипаттамалар мен кезеңдер бойынша жүйеленген: *жергілікті, романтикалық, сынни*.

5. XXI ғасыр сәулетіндегі аймақшылдық теориясы жаһандық үрдістер жағдайларын ескере отырып, дамуын жалғастырудың сәулетте «жаңа аймақшылдық» қалыптасуда – глобализм өнімдерін біріктіретін орын шеңберіне негізделген ашық ұлттық емес парадигма, нәтижесінде аймақтың қайта құрылуы мен халықаралық танылуына ықпал етеді.

«Қазақстанның заманауи сәулетіндегі аймақтық сәйкестік проблемаларын шешу жолдары» атты үшінші бөлімде Қазақстан сәулетіндегі аймақтық сәйкестікті түсіндіру проблемалары анықталды, ел архитектурасында аймақтық сипаттамаларды қалыптастырудың қазіргі заманғы факторларына талдау жүргізілді, аймақтық сәйкестікті және оның Қазақстанның заманауи сәулетіндегі даму үрдістерін айқындайтын қағидаттар тұжырымдалды.

Үшінші бөлім бойынша қорытындылар.

1. Қазақстанның заманауи сәулетіндегі аймақтық сәйкестікті түсіндіру проблемалары анықталды:

- **ғылыми-теориялық мәселелер:** дәстүрлер мен жаңашылдық сабактастығының қақтығысы, аймақтық сәулетті дамытудың ғылыми парадигмасының болмауы, кәсіби сәулет сынының болмауы;

- **ғылыми-практикалық:** формаларды түсіндіруді примитивизациялау, сәулеттегі өнер синтезіне компилияттивтілік және кәсіби емес көзқарастар, технологиялық шешімдердің сапалық деңгейінің жеткіліксіздігі, жергілікті бастаманың қоғамдық референтура және мәдениет институтының дамымауы.

2. Зерттеу қазіргі уақытта **Қазақстан сәулетінде бірегейлік сәйкестікті ұғыну арқылы аймақтық сипаттамаларды қалыптастыру:** тәжірибе сабактастығы мен қайта пайымдауға; өзін-өзі тану мен өзін-өзі тану мәдениетінің өсуіне; елдің халықаралық имиджін қалыптастырудың мемлекеттік саясатына; жобалаудың басынан бастап объектіні пайдалануға енгізуге дейінгі үдерісті заңнамалық тұрғыдан реттеуге; инновациялар мен халықаралық коллaborациялар үшін отандық сәулеттің ашықтығына негізделгенін айқындағы.

3. Қазақстан қалаларында салынған бірқатар ғимараттар мен құрылыштарды талдау үдерісінде қазақстандық сәулеттің қазіргі заманғы тілін іздестіру үрдістері анықталды, қазіргі заманғы объектілерде мемориалдық-ғибадат сәулетінің дәстүрлі нысандарын тікелей цитатаудан бас тарту байқалып, олардың жаһандық әлемнің шынайылығына бейімделуі практикада болған кезде аймақтық нысандарды жаңа түсінудің артикуляциясы байқалады. Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың заманауи сәулетінде дәстүрлі сәулет тақырыптары бірегей пайдаланылды, Қазақстан тарихы мен мәдениетінің бірегей ерекшеліктері ашылды, жергілікті практикаға жаңа технологиялар енгізілді.

4. Жергілікті жердің тарихына терең ену, дәстүрлі архитектураны қайта ойластыру, құрылыштың жаңа технологияларын пайдалана отырып, бейнелерді символдандыру арқылы аймақтық сәйкестікті шығармашылық тұрғыдан түсіндіру ретінде «бөтен» мәдениет өкілдерін Қазақстан сәулетінің қазіргі тәжірибесіне тарту практикасы дәстүрлер мен инновацияларды, технологиялық және көркем-бейнелі жаңғырту құралын қамтитын орнықты, бірақ ашық икемді жүйе ретінде көрінеді. Нәтижесінде, Нұр-Сұлтан, Алматы, Түркістанның жаңа сәулет нысандары жаңа сындарлы шешімдер мен сәйкес көркем образдардың арқасында Қазақстанның заманауи аймақтық сәулетінің лайықты үлгілеріне айналды.

5. Қазақстан сәулетінің проблемаларын шешу мақсатында жұмыста қазіргі заманғы жағдайларды ескере отырып, **аймақтық сәйкестікті қалыптастыру қағидаттары ұсынылған**: *климаттық жайлыштық қагидаты; сәулет-кеңістіктік ортандың психофизиологиялық жайлыштығы қагидаты; дәстүрлер мен инновацияларды сынни ұғыну қагидаты; аймақтық көркем бейненің сәйкестігі, архитектурадағы формалар мен элементтердің визуалды айқындылығы қагидаты; контекстуалдылық қагидаты; кедергісіздік қагидаты; өмір сүру ортасын қалыптастырудың тұрғындардың сәулет өнеріне қатысу қагидаты.*

6. Маңызды қағидаттардың бірі халықтың сәулет-қала құрылышы міндеттерін шешуге тартылуы болып табылады. Жүргізілген **әлеуметтік саяулнама** респонденттердің аймақтық сәулет проблемаларын түсінетіндігін, заманауи сәулет өнеріндегі сәулет-жоспарлау және көркем-бейнелі шешімдердің сапасын бағалай білетіндігін, адамдардың Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, гуманitarлық, саяси дамуына ықпал ететін азаматтардың өзін-өзі сәйкестендіру сұраныстарына жауап беретін физикалық және психологиялық жағынан қолайлы сәулет-кеңістіктік ортасын ұйымдастыруға қажеттілігі, сұранысы бар екендігін көрсетті.

7. Жұмыста **кейбір шарттарды сақтау негізінде** Қазақстанның заманауи сәулет ғылыми мен практикасындағы аймақтық сәйкестік проблемаларын **шешу жолдары ұсынылған**:

- **Өнер синтезі** – орын сезімін күшету мақсатында дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнер нысандарын ұтымды пайдалану. Сәулет өнеріндегі аймақтық сәйкестікті қалыптастырудың өнер синтезінің рөлі айқын: обьектілердің эстетикалық құнды қасиеттері күшеттіліп, сәулеттік ортандың кеңістіктік сипаттамалары байытылды;

- **Стереотиптерді жену және дәстүрлер мен жаңа шылдықты үйлестірудің ымыралы жолы** – жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып, аймақтық формацияның әдістері мен тәсілдерін іздеу үдерісінің қажетті құрамдас бөліктері: диалектикалық синтез, бір жағынан тарихи және мәдени құндылықтың тасымалдаушысы ретінде өткеннің өзара әрекеті; екінші жағынан, әлеуметтік контекстке және технологияның даму деңгейіне байланысты өзекті;

- **Энергия тиімділігі және тұрақты даму:** дәстүрлер мен инновациялардың үйлесімі – климаттық (санитарлық-гигиеналық) жайлышы; физикалық жайлышы (көгалдандыру, қоршаған ортаны сүмен қамтамасыз ету, ортаның оптикалық жайлышы);

- **Сәулеттік (архитектуралық) сәйкестікі қосуда форма жасаудың үстемдігі:** форма – тұрақты функцияға қарағанда ғимараттың бір түрінен екіншісіне, бір дәуірден екінші дәуірге ауысатын әмбебап қозғалмалы сипаттама;

- **Сәулетшінің жеке қолтаңбасы арқылы жергілікті жағдайларга шығармашылық көзқарасы** – аймақтық сәйкестікті анықтаудың маңызды аспектісі. Автордың шығармашылық тұлғасы жаңа идеялардың дамуына ықпал етеді. Тұпнұсқалықты қолдау, озық технологиялық шешімдерді автордың даралығы мен жаңашылдығы арқылы аймақтық контексте алға жылжыту дәстүрлерге тікелей сілтеме жасаудан қорғайды және жергілікті визуалды ерекшеліктерге назар аудара отырып, аймақтық сәйкестіліктің жаңа тұжырымдамасын тудырады.

8. Қазақстан – жаһандық әлемнің бір бөлігі болып табылады. XXIғасырда әлемдік сәулетте жаңа – аймақтық саналы парадигма қалыптасады. Мұндай сәулетте ұлттық ядро жергілікті контекст жағдайында *işki* (орын рухы, мәдениет, дәстүр және т.б.) және *сырттан әкелінетін* (автордың шығармашылық қолтаңбасы, жаңа технологиялар және т.б.) факторлардың өзара іс-қимылымен құшайтіледі, «соқтығысу» және олардың кейінгі өзара іс-қимылы жүреді.

9. Жүргізілген зерттеудің негізінде тұжырымдамалық ұлгілер жасалды:

- архитектураны аймақтық жағдайларға композиция түрлері үлгісінде бейімдеу: фронтальды визуалдандыру; көлемдік-жоспарлау шешімі; Қазақстанның ландшафттық-климаттық аймақтарын есепке алу негізінде ортаны кеңістіктік ұйымдастыру;

- аймақтық өзін-өзі қалыптастыруды дамыту. Аймақтық сәйкестілік көздерін заманауи түсіндіруге негізделген (архетиптер формалары, сәндік-қолданбалы өнер элементтері);

- ортаның қалыптасуының кеңістіктік-құрылымдық заңдылықтарын терең түсіне отырып, аймақтық қаланың жайлы шағын кеңістігін құру.

Корытынды.

Заманауи сәулеттің жаһандық мәселесі – сәйкестіктің жойылуы. Әлемнің күбылмалығы жағдайында Қазақстан өзінің сәулетін жергілікті мәдени-тариҳи дәстүрлермен және жаңа техникалық шешімдермен теңестіреді. Аймақтық сәйкестік ескілерді оқшаулауды және жаппай санаға енетін жаңа аймақтық символдар мен бейнелерді қалыптастыруды білдіреді. Зерттеу жұмысында қазақстанның сәулет аймашылдығын біріктірудің негізгі факторлары және Қазақстанның заманауи сәулетінде аймақтық сәйкестікті қалыптастыру жолдары айқындалады.

Жүргізілген ғылыми зерттеудің нәтижесінде диссертациялық жұмыстың мақсатына қойылған міндеттерді шешу үдерісінде қол жеткізілді деп айтуға болады:

1. Әдеби дереккөздер, мұрағаттық және жобалық материалдар зерттелді: Қазақстан сәулетінің аймақтық бірегейлік бойынша қазіргі заманғы зерттеулері бұған дейінгі Ш. Асқаров, Э. Байтөнов, Т. Басенов, Б. Глаудинов, У. Жәнібеков, Б. Ибраев, Ә. Марғұлан, М. Мендіқұлов, С. Нарынов, К. Самойлов және басқа да көптеген Қазақстан мен Орталық Азия ғалымдарының алдыңғы зерттеулеріне негізделеді. Олардың еңбектері табиғи-климаттық жағдайларды, тарихты, өмірді, мәдениетті міндетті түрде ескере отырып, диалектикалық синтездегі аймақтық сәйкестікті анықтайтын қағидаттар мен әдістерді ғылыми негіздеу үдерісінің негізін қалады.

2. Қазіргі әлемде «сәйкестік», «аймақшылдық», «жаһандану» ұғымдарын түсіндірудің теориялық ерекшеліктері анықталды. Қазіргі әлемде жаһандану және аймақшылдық мәселелерін ашу арқылы сәйкестік проблемаларын айқындау аймақтық сәйкестіктің базалық факторларын: климатты есепке алуды; ландшафтпен байланысты; орын контекстін, мәдени көзқарастарды, әлеуметтік және құндылық критерийлерін құрметтеуді; қазіргі заманғы идеялар мен жаңа технологиялар трансформациялаған дәстүрлердің сабактастығын белгілеуге және жүйелеуге ықпал етті. Сәйкестік арқылы аймақтық сәулеттің қасиетті мағынасы көрінеді.

3. XXI ғасырдың басына дейін әлемдік сәулет өнеріндегі аймақшылдық мәселелерін анықтау үдерісінде белгілі сәулет стильдерін, бағыттарын және олардың дамуының эволюциялық реттілігін қосу факторлары анықталды, бұл аймақшылдықтың генезисін: вернакулярлық (ұлттық) архитектурадан сынни аймақшылдыққа дейінгі эволюцияны көрсетеді. Сонымен қатар, аймақтық сәулетті қалыптастырудағы аймақтық сәйкестікті білдірудегі кешенділіктің қағидаттық мәнін раставтың басқа бағыттар мен стильдерден айырмашылықтар көрсетілді.

4. XXI ғасырдың әлемдік сәулет тәжірибесіндегі заманауи аймақтық тәсілдер мен үрдістер айқындалған. Бұл «сыни аймақшылдық», «жаңа аймақшылдық» сияқты глобализм өнімдерімен синтезде орын контекстінің архитектуралық тұжырымдамаларын қолданудың маңыздылығын раставды.

5. Зерттеу материалдарын сынни тұрғыдан талдау, деректерді зерделеу және жүйелеу нәтижесінде Қазақстанның заманауи сәулеттіндегі аймақтық сәйкестікті түсіндірудің ғылыми-теориялық және практикалық мәселелері айқындалды.

6. Жаһандану жағдайында Қазақстан сәулетінде аймақтық сәйкестікті қалыптастырудың базалық факторлары айқындалды: жергілікті табиғи-климаттық, ландшафттық сипаттамалар, тарихи жағдайлар, әлеуметтік және саяси оқиғалар, этномәдени және құрылым дәстүрлері, жергілікті шикізаттың болуы мен ерекшелігі үстірт-айқын сипаттамаларды қалыптастырады, халықтың мәдени психикалық коды және орынның «генетикалық жады»

аймақтық архитектураның аймақтық сәйкестіктің *терең жасырын сипаттамаларын* білдіреді.

7. Қазақстанның заманауи сәулетіне аймақтық сәйкестік элементтерін енгізу қағидаттары өзірленді: адамның тыныс-тіршілігі үшін қолайлыша жағдайларды қамтамасыз ететін сәулет кеңістігінің жаңа эстетикасын жасау мақсатында, қалыптасуда авангардтық тәсілдеме мен дәстүрдің синтезіне, қоршаган орта мен объектінің, сәулет пен тұтынушының өзара қарым-қатынасының ерекшеліктерін ескеруге негізделген біздің еліміздегі сәулетті дамыту схемасы мен тұжырымдамалық үлгілері ұсынылды.

8. Кәсіби сәулетшілер мен жұртшылық арасында зерттеу тақырыбы бойынша әлеуметтік сауалнама жүргізу арқылы қоғамның аймақтық сәйкестендіру мәселелерін түсіну деңгейі зерттелді, бұл мақсатты топ негізінен аймақтың тарихын, мәдениетін және климаттық жағдайларын «аймақтық сәулет» ұғымымен байланыстыратынын көрсетті. Бұл ретте, сұрағандардың «30 жасқа дейінгі» тобы Қазақстанның сәулеттік құрылыштарына соңғы 30 жылда жас Астана – Нұр-Сұлтан қаласында салынған заманауи ғимараттарды жатқызады; аға буын, негізінен, еліміздің бұрынғы астанасы – Алматы қаласында салынған 1970-1980 жылдардағы құрылыштарды бөлді. Мұндай нәтиже сәулеттегі аймақшылдық ұғымы белгілі бір даму кезеңіндегі сәулет тәжірибесімен адамдардың санаында қалыптасқан белгілер мен белгілерді танумен тығыз байланысты деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

9. Жаһандану жағдайында заманауи сәулетте аймақтық сәйкестікті қалыптастыру халықтың рухани және материалдық мұқтаждықтарына тәрбиеленген, әлеуметтік және экономикалық салалардағы жетістіктерге ұмтылатын, озық технологиялар мен қарыз алу көмегімен қайта құруларға қоғамның дайын қазақстандық сәулетте жаңа парадигманы қалыптастыруға серпін береді. Осы үдерістің нәтижесінде:

- сәулет өнерінің логикасын ашуға ықпал ететін, өзгеріп жатқан уақыт контекстінде сәулетшінің жеке стилі, авторлық қолтанбасы, аймақтық сәйкестікті білдірудің өзіндік тілі өзірленеді;

- қазақстандық сәулет жергілікті «өнім» болуды тоқтатады және заманауи принциптер мен қалыптастыру механизмдеріне негізделген архитектураны аймақтық сәйкестендіру үдерісі Қазақстанға біздің мемлекетіміздің халықаралық деңгейде танылуын қамтамасыз етеді, халықтың мақтаныш сезімін арттырады және елге әлеуетті туристер мен инвесторлардың қызығушылығын тудырады;

- еліміздің сәулет жоғары оқу орындары бағдарламасының драйвері ретінде аймақтық компонентті енгізу Қазақстанның аймақтық сәулетінің ғылыми мен практикасын жетілдірудің сөзсіз шартына айналады.

Осылайша, диссертациялық жұмыстың негізіне алынған ғылыми гипотеза дәлелденді деп айтуда болады: жаһандану жағдайында Қазақстанның заманауи сәулетінде аймақтық сәйкестікті қалыптастыру проблемалары ғимараттар мен құрылыштардың экологиялығы мен энергия тиімділігін қамтамасыз ететін

құрылымындағы жаңа жетістіктермен дәстүрлі сәулет-жоспарлау тәсілдерінің симбиозы негізінде шешілуі мүмкін.

Тұастай алғанда, зерттеу ережелерін сәулет ғылымы мен тәжірибесіне енгізу аймақтық сәулетте сәйкестікті қалыптастыруға және адамдардың тыныс-тіршілігінің кеңістіктік ортасын жетілдіруге ықпал ететін болады.